

Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің қызметкерлеріне дипломатиялық дәрежесі және мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс істегені үшін төленетін ақшалай төлемдердің мөлшері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1406 Қаулысы "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы Заңының 29-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің қызметкерлеріне ұлттық валютада лауазымдық жалақыларын негізге ала отырып есептелетін ақшалай төлемдердің мынадай мөлшері белгіленсін:

- 1) дипломаттық дәрежесі үшін - 25%;
- 2) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс істегені үшін - 15%.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 2 шілдедегі N 565 қаулысы ;

2) "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 2 шілдедегі N 565 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 10 сәуірдегі N 188 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 8, 92-құжат);

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 2 сәуірдегі N 465 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 14, 107-құжат).

3. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы